

ҒҰЛАМА

Кім екен жоқ іздеген ақша қырдан
Ізінде адырлар көп ақтарылған
Мелшиген Ұлытаудың обалары,
Шығармай сырды терең қатпарынан

Жапан ғой асыр болған ығыр жаудан,
Замандар жазығынан шұғыл ауған.
Жиһанкез сол адам жүр жоғын іздеп,
Зілзала, жер астынан шыңыраудан.

Ол солай көп тінтеді қу даланы,
Іздейді дауыл жапқан құм қаланы
Тот басқан бақыр тапса, жер түбінен,
Алтынға кенелгедей қуанады.

Шебердей сарай құрған сынықтардан.
Жаңғыртты ол күмбездерді ұмыт қалған.
Екшелеп ертегінің жұмбақтарың,
Шешкен ол талай сырды тұйықталған.

Тұлдырдай түйін іздеп көне түзден,
Жортады баяғылар кезген ізбен,
Тарихшы имараттан ізде оны,
Сарғайған сызбаларға көзін сүзген.

Баяндап батырлады, алмас қырлы,
Зершіл ол ашқан ердей алғаш таңды.
Шоқанның жарды соққан толқын ойын,
Саралап бүгінгімен жалғастырды.

Басы да күмбезіндей парасаттын,
Білігі-алауындай зор ошақтың
Ұрпаққа-баба түкті шежіре ол,
Таратқан тарауларын көне шақтың,

Бұл күнде ойы биік ел ағасы,
Халқымның мұрагері-ғұламасы.
Жая бер тамырыңды тереңдерге,
Ғылымның бәйтерегі, гүл ағашы.

1984 ж.